

**Семей Мемлекеттік Медицина Университеті.
Фармакология және дәлелді медицина кафедрасы**

СӨЖ

Пәні: Фармакология-1

Тақырыбы: Орталыққа әсер ететін анальгетикалық әсерге ие бейапиынды препараттар

Орындаған: Кабулова Г.К

Топ: 222 ЖМФ

Тексерген: Нугурбекова А.К

Семей 2017 жыл

Жоспар

I.Кіріспе.

II.Негізгі бөлім:

А)Анельгетикалық заттарға
сипаттама

Б)ОЖЖ әсер ететін
анельгетикалқ заттар

III.Қорытынды.



-
- Анальгетиктер деп ауруды басатын,
жансыздандыратын және терапевтік дозада енгізгенде естің жоғалуы және қозғалыстың бейберекетсіздігі болмайды.



Анелъгетиктер резорбтивті әсер еткенде

Ауыру сезімін таңдамалы басатын препараттар. Олар сананы тоқтатпайды

Және сезімталдықтың басқа түрлерін тежемейді.

I. Айырықша орталық әсерлі заттар

A. Опиоидты анелъгетиктер

1. Агонистер

2. Агонис-антагонистер


Б. Анелъгетикалық белсенділігі бар опиоидты емес препараттар

1. Опиоидты емес анелъгетиктер

2. Әсерлерінің анелъгетикалық компоненті бар әртүрлі фармакологиялық топтардың препараттары

II. Айырықша шеткі әсерлі заттар



-
- Бейопеинді анальгетиктер ауруды басатын, ОЖЖ әсерін көрсететін және нашақорлық пен наркозға әкелмейтін заттар. Олардың опеинді заттардан айырмашылығы седативті және ұйықтататын әсері жоқ. Оларды қолданғанда эйф ория, дәріге деген тәуелділік көрсетілмейді.
-
- 

*Бейопеинді анальгетиктер негізгі 3
фармакологиялық қасиеттерге ие:*

*1) Олар анальгетикалық немесе
жансыздандырғыш қасиетке ие. Әсіресе
бұлшық ет ауырсынғанда, бас және тіс
ауруларында.*

*2) Қалтырау кезінде ыстықты
түсіретін және антипиреттік
қасиеттерге ие.*

*3) Қабынуға қарсы белсенді әсерін
көрсетеді.*



A) анальнетик – антипиретик

Пирозолон туындысы:

I) Антипирин (Antipyrinum).

1 – Фенил – 2,3 – диметилпиразолон – 5.

Түссіз кристалдар және иіссіз ақ кристалды ұнтақ, әлсіз – қышқыл дәмә бар. Суда, спиртта тез ериді.

Ауырсынуды басатын, ыстықты түсіретін, қабынуға қарсы әсер көрсетеді. Жергілікті енгізгенді қан тоқтататын әсері бар. Антипиринді невралгияда, суық тиіп ауырғанда ішке қабылдайды. Ересектерге 0,25 – 0,5 г, 6 жастан үлкен балаларға 0,03 – 0,25 г тағайындайды. Күніне 2 – 3 рет. Әсер ету механизмі толық зерттелмеген.



II. Амидопирин (Amidopyrinum)

1 – Фенил – 2,3 – диметил – 4 - диметилпиразолон – 5.

Түссіз кристалдар және иіссіз ақ кристалды ұнтақ, әлсіз – қышқыл дәмә бар. Суда әлсіз ериді (1:20), спиртта тез ериді.(1:2). Ауырсынуды басатын, ыстықты түсіретін, қабынуға қарсы әсер көрсетеді. Фармакологиялық қасиеттеріне қарай амидопирин антипиринге ұқсас, бірақ белсенділігі жоғары. Бас ауырғанда, артрит, миозитте, кей жағдайда жіті буындық ревматизмде.

Амидопиринмен ұзақ емдегенде қанды зерттеуден өткізіп отырған жөн, себебі кей жағдайларда қан түзілуі тежелуі мүмкін (гранулоцитопения және агранулоцитоз). Кей жағдайда тері бөрітпелері, анафилактикалық реакция дамуы мүмкін. Амидопиринді ішке ұнтақ және таблетка түрінде, сирек ерітінді түрінде 0,25 – 0,3 г күніне 3 – 4 рет тағайындалады.



III Анальгин (analginum)

1 — Фенил — 2,3 — диметил — 4 - диметилпиразолон — 5 — N — метансульфонат натрии. Ақ немесе ақшыл (әлсіз сары реңі бар) ұнтақ. Суда жақсы ериді, спиртте ерігіштігі төмен. Анальгин белсенді анальгезиялық қасиетке, қабынуға қарсы және ыстықты түсіретін қасиеттерге ие. Қасиеті жағынан амидопиринге ұқсас. Өте жақсы ерігіштігіне байланысты анальгин параэнтеральді жолмен енгізуге кең мүмкіндік береді. Жиі анальгинді амидопиринмен, фенацетинмен, фенобарбиталмен, кофеинмен және т.б заттармен қолданады. Анальгинді невральгияда, бас ауырғанда, радикулитте, миозитте, қалтырау кезінде, тұмауда, ревматизмде қолданады.



Пара – аминфенол туындылары.

Фенацетин (Phenacetinum).

1 – Этокси – 4 ацетаминобензол.

Ұсақ кристалды ақ, иіссіз, әлсіз қышқылдау дәмі бар. Суда аз ериді, қайнаған суда өте нашар ериді., спиртке ерігіштігі жоғары. Ыстықты түсіретін және ауырсынуды басатын қасиетке ие.


Фенацитинді басқа заттармен (кофеинмен, амидопиринмен және т. б) невралгияда, бас ауыруларында қолданады. Теріде бөрітпелер, эйфория, метгемоглобинемия және анемия секілді жағымсыз әсерлер кездеседі. Сонымен қатар кей жағдайда фенацитинді ұзақ қолданған жағдайда, кейбір түзілген метоболиттер зәр шығару жолдарында ісіктердің (опухоль) пайда болуына әкеледі.

Фенацитинді бүйрек ауруларында және жүктілік кезінде қолдануға болмайды. Комбинирленген таблеткалар: «Асфен», «Пирафен», «Пиркофен», «Седальгин», «Фенальгин», «Цитромон» құрамында кездеседі.




Парацетомол (Paracetamolum).

Ақ түсті ұнтақ.. Спиртте тез ериді, суда ерігіштігі төмен. Ауырсынуды басу қасиеті жағынан фенацетинге өте ұқсас. Бір тиімділігі қолдану кезінде метгемоглобиндер түзілу мүмкіндігі аз. Сол себептен өзін жалғыз да қолдана береді, немесе амидопиринмен, кофеинмен де қолдануға болады.



Парацетомол ішектің жоғары бөлімінде сіңіріледі, бауырда ыдырайды, бүйрекпен шығарылады. Қабылдауға арналған көрсеткіштері дәл фенацитиндегідей.

Үлкендерге тағайындалу мөлшері 0,2 – 0,4 г.
Балаларға 6 – 12 ай 0,025 – 0,05 г, 2 – 5 жас 0,1 – 0,15 г, 6 – 12 жас 0,15 – 0,25 г күніне 2 – 3 рет қабылдау. Қабылдау кезінде бауырдың жағдайын бақылау, қан түзу жағдайын және теріде бөртпелердің пайда болмауын бақылау.




Стероидты емес қабынуға қарсы препараттар.

Салицилаттар.

Натрий салицилаты (Natrii salicylas).

Ақ кристал тәрізді ұнтақ, иісі жоқ, тәтті – қышқыл дәмі бар.

Спиртте де, суда да жақсы ериді. Ыстықты түсіретін және ауырсынуды басатын, қабынуға қарсы қасиетке ие. Жіті ревматизм, ревматикалық эндокардит және миокардитте алғашқы күндерде препаратты үлкен дозада тағайындайды. Натрий салициатын енгізгенде болатын жағымсыз әсерлер құлақта шум, дыбысты есту төмендеуі, терлеу, ангионевротикалық ісіну . Ішке қабылдағанда жиі гастрит даму мүмкін.



Ацетилсалицилды қышқыл

~~Ақ түсті ұнтақ . Суда ерімиді, спиртте ерігіштігі жоғары. Ацетилсалицил қышқылын қабынуға қарсы, ауырсынуды басуға және ыстықты түсіруге , қалтырау кезінде, бас ауруларында, невралгияда жиі қолданылады.~~

Ацетилсалицил қышқылы сонымен қатар тромбоциттер адгезиясын баяулатады. Тамақтан соң ішке қабылданылады. Ересектерге 0,25 – 0,5 г күніне 3 – 4 рет, балаларға жасына байланысты 0,1 – 0,3 г. Ұзақ уақыт қабылданса диспепсикалық құбылыстармен қатар асқазаннан қан ағуына себепкер болу мүмкін. Егер таблеткалар ұсақталмаған түрде енгізілсе асқазанның сілемейлі қабығына тітіркендіретін жағымсыз әсер көрсетеді, сол себептен қабылдау алдында ұсақталуы тиіс. Ацетилсалицил қышқылын асқазан жара ауруларында және он екі елі ішек ауруларында, сонымен қатар жүктіліктің алғашқы 3 айында қолданылмайды. Төмендегі дайын таблеткалар құрамында ацетилсалицил қышқылы кездеседі : «Аскофен», «Нофоцефальгин», «Цитрамон», «Асфен».



Пиразолон туындылары

Бутадион (Butadionum)

1,2 – Дифенил – 4 – бутилпиразолидинон – 3,5. Ақ түсті ұнтақ. Суда мүлдем ерімейді, спиртте еруі ауыр. Химиялық құрылымы бойынша бутадион антипириннің туындысы амидопиринге жақын. Препарат тез сіңеді, бірақ қанда ұзақ уақыт сақталады. Препаратты ревматизмнің жіті түрінде, жіті ревматоидты полиартритте, Бехтерев ауруында, подаграда, псориастикалық артриттерде, хорейда қолданылады. Жағымсыз әсерлері: лоқсу, асқазан аймағының ауырсынуында, қызылшада, тері бөртпелерінде, лейкопения мен анемия, геморрагия және неврит. Тамқтан кейін ішке қабылдау тағайындалады. Бір рет қолданғанда 0,1 – 0,15 г, күніне 4 – 6 рет қабылдау. Балаларға 3 – 4 рет қабылдау тағайындалады. Бутадионды асқазан жарасында және он екі елі ішек ауруларында, қан тұзу ауруларында, лейкопенияда, бауыр мен бүйрек ауруларында, жүрек ауруларында қолдануға болмайды.




Фенилпропионның, фенилуксусты, индолуксусты және антранилды қышқыл және басқа химиялық препараттар тобының туындылары.

Ибупрофен (Ibuprofenum) Ақ түсті ұнтақ. Суда ерімейді, органикалық ерітінділерде тез ериді. Қабынуға қарсы, ауырсынуды басатын және ыстықты түсіретін қасиетке ие. Ревматоидты артритте, остеоартрозда, перифериялық жүйке жүйесінің бұзылыстарында қолданылады. Ішке 0,2 г күніне 3 – 4 рет тағайындалады. Ең алғашқы дозаны таңертеңгі асқа дейін шаймен ішу, ал қалғанын тамақтан кейін күн аралығында. Ибупрофенді жіті жараларда (острая язва), асқазан жараларында, он екі елі ішек жараларында, жаралық колитте және препаратқа жоғары сезімталдықта қолдануға болмайды.



Напроксен (Naproxenum).

2- (6 – Метокси – 2 – нафтил) – пропионды қышқыл.
Қабынуға қарсы, ауырсынуды басатын және ыстықты түсіруге қарсы әсер көрсетеді. Басқа препараттарға қарағанда ұзақ әсер көрсетеді сол себептен де күніне 2 рет ғана қолданылады. Жіті ревматизмде, ревматоидты артритте, Бехтерев ауыруында, артроздарда, спондилоартроздарда тағайындалады. Препаратты жүкті әйелдерге, 16 жасқа дейінгі балаларға, бала емізіп жүрген аналарға, асқазан және он екі елі ішек жарасымен ауыратындарға, бауыр аурулары бар науқастарға қолдануға болмайды.



В) Қабынуға қарсы әсер көрсететін басқа да препараттар.

Димексид.

Түссіз мөлдір сұйықтық және түссіз спецификалық йісі бар кристалдар. Препарат биологиялық мембраналардан өту қабілетіне ие. Қабынуға қарсы ыстықты түсіретін және ауырсынуды басатын қасиетке ие. Жіті ревматизмде, ревматоидты артритте, Бехтерев ауыруында, остеоартроздарда, сынықтарды, трафматикалық инфильтраттарда тағайындалады.



Калефлон(Caleflonum)

- **Ақшыл – қоңыр түсті ұнтақ, әлсіз спецификалық иісі бар.Суда да спиртте де ерімейді.Қабынуға қарсы, асқазан жарасында, он екі елі ішектің жарасында, гастриттерде қолданылады. Тамақтан кейін ішке 0,1 – 0,2 г күніне 3 рет. Препаратты антацидты және спазмолитикалық заттармен бірге қолдануға болады. Препаратты қабылдағанда жағымсыз әсерлер болса, препаратты тағайындауды рұқсат етпейді.**



Г) Бейопеинді жөтелге қарсы препараттар.

- **Либексин (Libexin).**
- **Ақ түсті ұнтақ. Синтетикалық жөтелге қарсы препарат. Жөтелге қарсы қасиеті жағынан кодеинге тең, тыныс алуды тарылтпайды. Тәуелділікті тудыртпайды. Жергілікті жансыздандыратын және спазмолитикалық қасиетке ие. Созылмалы бронхитте қабынуға қарсы әсер көрсетеді. Жоғарға тыныс жолдарының қабынуында, жіті және созылмалы бронхитте, бронхопневмонияларда, бронхиялды астмада, эмфизимада жөтелге қарсы препарат ретінде тағайындалады. Ересектерге 0,1 г күніне 3 – 4 рет, балаларға 0,025 – 0,05 жасына қарай тағайындалады.**



Битиодин (Bitiodinum).

- 3 –(1- Метилпиперидилиден) – ди - (2 – тиенил) – метан цитрат.
- Ашты дәмі бар ақ ұнтақ. Суда да спиртте де ерігіштігі төмен. Жөтелге қарсы әсер етеді. Әсер ету механизмі тынысалу жолдарының сілемейлі қабықтарының рецепторларын тежеуімен және сопақша миға әсерімен байланысты. Жоғарғы және төменгі тыныс жолдарын жөтелден тыныштандару үшін қолданады. Ересектерге 0,01 – 0,03 г күніне 3 – 4 рет.



Г) Бейопеинді жөтелге қарсы препараттар.

Либексин (Libexin).

Ақ түсті ұнтақ. Синтетикалық жөтелге қарсы препарат. Жөтелге қарсы қасиеті жағынан кодеинге тең, тыныс алуды тарылтпайды. Тәуелділікті тудыртпайды. Жергілікті жансыздандыратын және спазмолитикалық қасиетке ие. Созылмалы бронхитте қабынуға қарсы әсер көрсетеді. Жоғарға тыныс жолдарының қабынуында, жіті және созылмалы бронхитте, бронхопневмонияларда, бронхиялды астмада, эмфизимада жөтелге қарсы препарат ретінде тағайындалады. Ересектерге 0,1 г күніне 3 - 4 рет, балаларға 0,025 - 0,05 жасына қарай тағайындалады.



Қолданылған әдебиеттер:

1. Харкевич Д. А. “Фармакология” Алматы, 2009
2. Журнал “Ремедиум”, №4 2007
3. “Краткая медицинская энциклопедия”, 1989
4. Интернет желілері

